

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Биология және биотехнология факультеті
Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасы

«БЕКІТЕМІН»

Факультет деканы

Курманбаева М.С.
Хаттама № 1 " 05 " 09 2024 ж.

ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

MNI 1108 «Ғылыми зерттеудің әдістері»

«6B05102 –Биология, 6B05103 – Биотехнология, 6B05110 – Зоология, 6B05107
- Микробиология, 6B05105 -Генетика, 6B05402 - Аквакультура және су
биологиялық ресурстары» мамандығы/ Биология» білім беру бағдарламасы

Курс	1
Семестр	2
Кредит саны	5
Дәріс	1,7
Семинар	3,3
БӘЖ	5

Алматы 2024 ж.

Оқу-әдістемелік кешенін өзірлеген биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының қауымдастырылған профессоры, биология ғылымдарының кандидаты Басыгараев Жандос Махабатович

«6B05102 –Биология, 6B05103 – Биотехнология, 6B05110 – Зоология, 6B05107 - Микробиология, 6B05105 -Генетика, 6B05402 - Аквакультура және су биологиялық ресурстары» мамандығы бойынша негізгі оқу жоспарына сәйкес білім беру бағдарламасы негізінде құрастырылған.

Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедра мәжілісінде қарастырылды және ұсынылды

« 28 » 08 2024 ж., № 1 хаттама

Кафедра менгерушісі _____ Кустубаева А.М.
(қолы)

**Мамандық «6B05102 –Биология, 6B05103 – Биотехнология, 6B05110 –
Зоология, 6B05107 - Микробиология, 6B05105 -Генетика, 6B05402 -
Аквакультура және су биологиялық ресурстары»**

Таңдау компоненті

«Ғылыми зерттеудің әдістері»

1 курс, к/б. семестрі көктемгі , 5 кредит, таңдау компоненті

Дәріскер:

Оқытушы (практикалық, семинар, зертханалық сабактар):

Басыгараев Жандос Махабатович, б.ғ.к., биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының доценті

ұялы байланыс: 87074149193

e-mail: zbasygaraev@gmail.com., 430 кабинет.

Емтихан форматы-оффлайн

Ауызша өткізіледі: ИС Univer

Ауызша өтуін бақылау – оффлайн.

Ұзақтығы – 120 минут 3 сұраққа

Өткізу ережелері:

Емтихан өткізуіндегі жалпы ережелері

Емтихан сессия кезінде факультет ұсынған кесте бойынша жүргізіледі.

Кезекші оқытушы емтиханға келіп отырған білім алушының жеке басын күэландыру мақсатымен сәйкес құжаттар (жеке күәлік немесе сынақ кітапшасы) бойынша тексеріс жүргізеді. Егер емтихан тапсыруға өзге тұлға келген болса, кезекші оқытушы Ережені бұзылғаны турали акт толтырады.

Университетте емтихан тапсыру болған жағдайда, емтихан басталуынан 15 минут бұрын кезекші оқытушы білім алушыларға отырғызу орындарының нөмірлері көрсетілген келу парагына қолдарын қойғызып, орындарына отыргызады.

Оффлайн режимі бойынша өз уақытында емтихан басталуы қажет және емтихан жауаптарын толық жазып болғаннан соң, жауабы жазылған билеттерді кезекшіге тапсырып, емтиханнан оқытушының рұқсатымен шығады.

Емтиханға кешігіп келгендер кіргізілмейді.

Емтихан кезінде кезекші оқытушы бекітілген нұсқаулыққа сәйкес студенттердің тәртібін қадағалайды.

Университетте **жазбаша** емтихан тапсыру жағдайда, арнайы емтихан тапсыратын бөлмеде (**камерамен бақылануы болатын**) тапсырушы белгіленген өз орнына отырады, тапсырушылардың алдында мөрмен басылып жабылған конверт ашылады, кезекші мұғалім билеттерді тапсырушыларға таратады.

Студенттерге 3 сұрақтан тұратын билет беріледі. Студенттер алдын ала берілген тақырыптар бойынша видео, презентация, дәріс материалдарын менгеру керек. Жауапта тақырыптың теориялық мазмұны мен практикалық негіздерін ашу қажет.

Емтихан уақыты (**2 астрономиялық сағат**) аяқталғанда кезекші оқытушы емтихан жұмыстарын жинап, кеңсе-тіркеушіге шифрлеу үшін береді.

Шифрленген емтихан жауаптарын тексеретін оқытушы алып, камерасы бар арнағы бөлмеде жауап жұмыстарын бағалау щкаласы бойынша бағалайды. Бағаланған емтихан жауаптарын кеңсе-тіркеушігे қайтарып береді. Кеңсе-тіркеуші емтихан жауаптарында қойылған бағаларды студенттер аты-жөні жазылған мәлімет-құжатына (ведомость) ұпай-баллдарын толтырып, тексерген оқытушыға береді. Тексерген оқытушы «Универжүйесінде» электронды мәлімет-құжатына (ведомость) ұпай-баллдарын қояды, мәлімет-құжатын қағаз түрінде шығарып, қолын қойып, кеңсе-тіркеушігে өткізеді.

Жазбаша емтиханды жиынтық мәлімет-құжатына (ведомость) ұпайды (балл) қою уақыты - 48 сағат.

Емтихан кезінде шпаргалка, ұялы телефон, сөздік, калькулятор қолдануға, бір-бірімен сөйлесуге және т.б. тыйым салынады. Осы ереже орындалмаған жағдайда білім алушы емтиханнан шығарылып, сәйкесінше акт толтырылады және пәнге «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады.

Емтихан ережелерін қайталап бұзған білім алушы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес Этика жөніндегі факультет кеңесінің шешімі бойынша университеттен шығарылуы мүмкін

Пән бойынша қорытынды бағдарлама

Ғылымның анықтамасы. Ғылым класификациясы. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу. Ғылыми-зерттеу жұмысының кезеңдері. Ғылыми бағыт, ғылыми мәселе және ғылыми зерттеу. Ғылыми шығармашылық. Қазіргі ғылым. Ғылым және философия. Ғылымның қазіргі қоғамдағы рөлі.

Ғылыми қауымдастық этикасының негізгі принциптері. Ғылыми этика. Ғылыми этика нормалары. Зерттеу этикасы. Ғылыми этиканың бұзылуы. Жарияланымдарды дайындау кезіндегі ғылыми этика нормалары. Ғылыми зерттеулердің әдісі мен әдіснамасы туралы ұғым.

Эмпирикалық зерттеу әдістері. Абстрагирлеу, талдау, синтез. Индукция және дедукция, модельдеу. Идеализация, формализация, аксиоматикалық әдіс, гипотеза және болжам, теория. Ғылыми бағыт, ғылыми мәселе және ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбын тандау.

Теориялық және тәжірибелік зерттеулер. Теориялық зерттеулердің мақсаты, міндеттері және кейбір ерекшеліктері. Тәжірибелік зерттеулер туралы жалпы мәліметтер Озық ғылыми тәжірибелерді сипаттау.

Ғылыми – зерттеу жұмысының дайындық кезеңі. Ғылыми зерттеу тақырыбын таңдау. Ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау әдістемесі. Ғылыми ақпараттың негізгі көздері. Анықтамалық-акпараттық басылымдар. Ғылыми ақпарат көздерін зерттеу (www.scopus.com, www.webofscience.com)

Ғылыми құжаттар мен басылымдар. Бастапқы және қайталама ақпарат түрлері. Құжаттардың кітапханалық-библиографиялық жіктелуі. Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік айдары. Ғылыми-техникалық патенттік ақпарат

Зерттеу нәтижелерін ғылыми жұмыстар түрінде рәсімдеу әдістемесі. Ғылыми нәтижелер және оларды жариялау. Мақала бойынша жұмыс жасау. Пайдаланылған әдебиеттер тізімін жасау және рәсімдеу.

Эссе және оның түрлері Биология ғылымында қолданылатын сөздіктер мен энциклопедиялар. Ғылыми-техникалық мәтіндермен жұмыс істеуге қажетті сөздік түрлері. Биология ғылымының әр саласында қолданылатын сөздіктер мен энциклопедияларды талдау. Ғылыми-зерттеу мекемелері. Жоғары оқу орындарында ғылыми жұмыстарды үйімдастыру.

Ғылыми-зерттеу институттарын басқару. Жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу. Жоғарғы білікті ғылыми кадрларды дайындау.

Ғылыми және ғылыми педагогикалық кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру. ЖОО оқытушыларының тағылымдамадан өтуі. ЖОО - нан кейінгі білім беру бағдарламалары.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының құрылымы. Рефераттар мен баяндамалар. Дипломдық жұмысты жазуға арналған жалпы нұсқаулар. Студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстарын орындауға арналған әдістемелік нұсқау.

Эссе және оның түрлері. Эссенің түрлері. Аргументативті эссе. Мәселе және оның шешімін қарастыру эссесі. Салыстыру эссесі. Себеп-салдар эссесі. Үдеріс эссесі. Келісу және келіспеу эссесі. Синтез эссесі. Эссенің өзге жазба жұмыстарынан айырмашылығы.

Уәждемелік қолдаухат. (Мотивированный ходотайства). Зерттеу нәтижелерін ғылыми жұмыстар түрінде ресімдеу. Тезис. Ғылыми мақала. Ғылыми мақаланың құрылымы. Тірек сөздер. Аңдатпа.

Сілтеме және оның түрлері. Тура және жанама дәйексөздер. Сілтемелерді ресімдеудің техникалық жағы. Библиографиялық тізім. Өзге академиялық еңбектерді қолдану.

Зерттеу жұмысының жазылуы мен ресімделу тәртібі. Зерттеу жұмысын жазған кезде жиі орын алатын қателер. Жұмысты редакциялаудың қажеттілігі. Үлкен мәтінді құрылымдық жақтан реттестіру. Зерттеу жұмысын ресімдеу. Зерттеу жұмыстарының норма бақылауы.